

**«Астана каласындағы Қазақстан Республикасының Үлттых қадамиялық кітапханасы» РММ (Қазақстан Республикасы) және Әзіrbайжан Республикасының мәдениет министрлігінің М.Ф. Ахундов атындағы Әзіrbайжан Республикасының Үлттық кітапханасы» (Әзіrbайжан Республикасы) арасындағы ӨЗАРА ТҮСІНІСТИК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум (онан ері - Меморандум) онан ері «Тараптар» деп аталатын «Астана каласындағы Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасы» РММ (кітапхананың атынан басшы Мұнайбаева Үмітхан Дауренбеккызы әрекет етеді) және М.Ф. Ахундов атындағы Әзіrbайжан Республикасының Үлттық кітапханасы» (кітапхананың атынан директор Керимов Тахир Магомед оғлы әрекет етеді) арасында катынас орнатады.
- 1.2. Тараптар кітапханалық-акпараттық қызмет көрсету саласындағы мәдени байланыстарды және өзара тиімді ынтымақтастықты арттыру мақсатында осы Меморандумға қол қояды.

## 2. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

- 2.1. Меморандумның мәні – кітапханатану, библиография және өзге де сабактас гылымдар, кітап алмасу, мәдени бағдарламалар, мамандардың көсіпкөйлік деңгейін арттыру, қазіргі кітапхана ісінде цифрлі технологияны арттыру және оқырмандар аудиториясын кеңеуту саласындағы бірлескен мұдделерін ескеретін Таралтардың ынтымақтастыры.

## 3. ТАРАПТАРДЫҢ МИҢДЕТТЕМЕЛЕРІ

- 3.1. Әрбір Тарап өз елінің өмірі мен мәдениеті туралы акпаратты тарату үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады. Осы мақсатқа қол жеткізу, осы Меморандумның мәнін жүзеге асыру үшін Тараптар өзара тиімді ынтымақтастықтың келесі бағыттарын белгіледі:

- Кітапханатану, кітаптану, кітапханалық корларды қалыпта көлтіру және консервациялау саласындағы және акпараттық технологиялар саласындағы бірлескен зерттеулерді өткізу;
- Кітап алмасуды, әсірелең күнды энциклопедиялармен, анықтамалармен, монографиялармен және сөздіктермен алмасуды жүзеге асыру, цифрлі жинақтамалармен алмасу.
- Бірлескен көрмелерді, іс-шарааларды (конференцияларды, семинарларды, фестивальдарды) үйімдастырып өткізу. Астана каласындағы Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасының және М.Ф. Ахундов атындағы Әзіrbайжан Республикасының Үлттық кітапханасының қатысуымен іс-шараалардың online-корсетілімін үйімдастыру.
- Тараптар қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шарааларды өткізу, кәсіби сапарларды, тренингтерді, тәжірибелік окуларды (мастер-классы) коса санағанда тәжірибе алмасу.
- Қос тараптардың мұдделерін білдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үлттық академиялық кітапханасының және М.Ф. Ахундов атындағы Әзіrbайжан Республикасының Үлттық кітапханасының мерзімді кәсіби басылымдарында кооперативтік басылымды үйідестару, жарияланымдармен алмасу.
- Тараптардың корларына өзара колжетімді виртуалды ортанды құру.

#### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ**

4.1. Осы Меморандум шенберінде Тараптар екі елдің заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алды және тең құқықтық кагидаттарына негізделе отырып өзара әрекеттеседі. Осы Меморандум бойынша барлық өзгертулер мен толыктырулар Тараптармен келісу бойынша жазбаша түрде рәсімделеді.

#### **5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1. Тараптар осы Меморандум шенберіндегі ешкандай іс-әрекеттер ешбір Тараптың оқіліктіліктері мен құқыктарын кемсітпеуі тиіс деген кагидатты басшылыққа алды.

5.2. Осы Меморандумның әрекет ету аясына қатысты мәселелер бойынша Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер немесе кеңес берулер арқылы шешілтін болады.

5.3. Осы Меморандумға енгізілетін өзгертулер мен толыктырулар жазбаша түрде рәсімделеді, Тараптардың үзілдетті тұлғаларының қолы койылады және осы Меморандумың ажырамас болігі болып табылады.

#### **6. ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ**

6.1. Осы Меморандум оған екі Тарап кол койған күннен бастап занды қүшіне енеді және 5 (бес) жылдың ішінде қолданыста болады және қолданыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін мерзімі ұзаартылады. Тараптардың бірінде меморандумды бұзу ниеті туындалған жағдайда ол басқа тарапты меморандумың қолданыста болу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) ай қалғанға дейін жазбаша түрде ескертіу тиіс.

6.2. Меморандумың мәтіні 2 (екі) данада қазақ және орыс тілінде әрбір тарап үшін 1 (бір) данадан жасалған.


**Тараптардың қолдары:**

«Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Үлттых академиялық кітапханасы» РММ

М.Ф. Ахундов атындағы  
«Әзіrbайжан Республикасының  
Үлттых кітапханасы»



Мұнайлбаева Ү.Д.



Тахиров К.М.